

ріне ажырата келе, олардың метафоралық салыстыру, мензеу, табу, макал-мәтел, риторикалық сурақ, инверсия, ішкі ұйқас пен ырақ, қайталау, бұын үндестігі секілді көркемдік тәлімдерге де бай екендігіне тоқталады. Шешендік сөздердің жанрлық, құрылымдық әрі көркемдік ерек-

ЖАҢА ЕҢБЕК

шеліктерін зерделеген ғалым оның зерттелу жай-күйін, авторлық шығарма ретінде қаралу мәселелері төңірегінде айтылған әдебиетші ғалымдардың пікірлерін де сарапқа салып дамытады.

Күні бүгінге дейін фольклордың бір жанрлық түрі ретінде қаралып келген шешендік сөз-тыңдығы мәселесін көтеретін ғалымдарымыздың зерттеу еңбектеріндегі пікірлерді сараптап, дәстүрлі шешендік өнерге көркем шығарма ретінде қарап, бүгінгі жанаша таным көкжиегінен бағалау қажеттігін құптайды. Соның ақсақалы, «М.Әуезов – оның сипаттары», «М.Әуезов – академиялық шешендік мектебі негізін қалаушы» сияқты зерттеулерінен қазіргі риторикадағы академиялық шешендік түрінің сипаттарын, мақсаты мен міндеттерін танып, шешендік өнердің жаңа заман сипатына сай жаңғырып жалғастық тауып келе жатқандығын пайымдай түсесіз.

Зерттеу еңбегін салмақты етіп тұрған тағы бір мәселе – қазақ сөз өнеспіндегі интертекст

жайы. «Қазақ сөз өнеріндегі интертекст мәселесі», «Абай және Шөкәрім поэзиясындағы интертекст құбылысы» сияқты зерттеулерінде ғалым интертекстуальдық теориясының бастауы М.Б. Ямпольский, И.В. Арнольд, М.М. Бахтин сияқты шетел ғалымдарының еңбектерінде жат-

қанымен, оның сілемдерін қазақ әдебиеттануының бастапқы кезеңдеріндегі еңбектерден де кездестіруге болатындығын айтады. Көркем мәтіндегі келтірілді құрылымдардың қолданылуының өзі авторлық мақсаттардан туындап, идеялық-көркемдік қызмет атқаратындығын түсіндіреді келе: «...фольклорлық поэтикалық интертекстер мен цитаттарды қолдана отырып, қазақ жазушылары өз шығармаларына ұлттық сипат береді, мотивтерді шығармашылықпен жаңғыртады, оның ішіндегі көркемдікпен байыталады», – деп интертекстерді көркем шығармаға экспрессивтік тәлімдерге жатқызады. Шығармашылық құрайтын көркемдік мәшылқ өнердегі үндестікті танытатын интермәтін сипатын Абай мен Шөкәрім, Абай мен Жамбыл өлеңдеріндегі әлеуметтік тұрмысты, табиғат пен өмір құбылыстарын бейнелеулерінен тауып, оның көрініс алуы ұлттық мүдде мен ұлттық көркемдік тәлімнен туындағандығын айта-

ды.
«Ғылыми портреттер мен естеліктер», «Сөз сымбаты», «Көңіл

толқыны» атты тарауларында бірінен деріс тандап, бірінен тағы бірін алған білгір ұстаздарының болмысын өзі қабылдаған шынайы қалпында олардың ғылыми іденістері мен зерттеу еңбектерінің тың қырларын аша түседі. Әдебиет тарихының зерттеушісі Х. Сүйіншілиев, қазақ драматур-

гиясының жанрлық жүйесін жете зерттеген ғалым Р. Нұрғали, әдебиет сыншысы Т. Көкішұлы, әдебиет теоретигі Б. Майтанов, әдебиеттану ғылымына өзіндік үлес қосқан ғалымдарымыз Ж. Тілепов, К. Мәлібай, т.б. жайында тебірене жазған әдеби портреттерден ғалымдарымыздың табанды ізденіске толы жанкешті еңбекқорлығын, өмірдегі адами қасиеттерге негізделген дара білімін танимыз. Әдебиеттану ғылымының ыстығы мен суығына төзіп, ерінбей тер төккен айтулы ғалымдардың еңбегіне ғылыми тұрғыдан әділ бағасын беріп, оларды ардақ тұтуды парыз санаған Р. Әбдіқұлованың өзін де өлеби шығарманы зерттеудің жаңа бағыттарына батыл барып жүрген әдебиеттанушы, зерделі теоретик-ғалым. Өнердің асыл тегі әдебиетті қастерлеп, көркем шығарма табиғаты мен қаламгер суреткерлігін танытуға бағытталған ғалым еңбегінің оқырман танымы мен танымын арттыруда маңызы зор.

Сәліма ҚАЛКАБАЕВА,
филология ғылымының
кандидаты, доцент.

АНА ТІЛІН – АРЫҢ БҰЛ...



Руқ
қаламы
лық «Қа
күніне
емлесі
қыраб
Ата
ғыл тіл
лар қат
логияғ
С. Биза
бае, С
кандид
діркүс
қағыл
менов